



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 4 (95)

Нұр-Сұлтан
2021

Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл

Ибраева Г., Хасенов С. Тәуелсіздік жолы және Ұлттық музей	4
Таймагамбетов Ж.К. Краткое содержание докладов автора на международных научных конференциях проекта ЮНЕСКО «Великие переселения народов» (2008-2019 гг).	14
Сыпатайқызы З. Тәуелсіздік жылдарындағы түркілік этномәдениеттердің жаңғыруы	28
Тоқпанов Е.А., Ботбаев А.К. Тарихи-мәдени және табиғи киелі орындардың еліміздің бірлігін сақтаудағы алатын орны	37

Мәдениеттану

Нұрдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә. Таңба-жазу – адамзат танымы мен тарихының құнды ақпараты	44
--	----

Этнография

С. Дж. Атдаев. Исторические данные о туркменской дыне и арбузе	56
Хасенов С.С. Қорғаныс жарағына жататын сауыт түрлеріне қатысты қалыптасқан атаулар	76
Бекзатқызы И. Ақмола облысы Бурабай ауданының топонимиясы: қалыптасуы және қазіргі жағдайы	88

Археология

Хуанган Т. Ат әбзелі: жүгеннің шығу тарихы	100
Әуезов Қ.Ж., Искаков А.Ш. Ұлытау – Жезқазған өңіріндегі Алтын Орда кезеңі ескерткіштерінің зерттелуі	107

Тарих. Тұлға. Тағылым

Асанов Қ.Д. Евней Букетовтің қаламгерлік қыры	115
--	-----

Филология

Байтанасова Қ.М. Абай өлеңдеріндегі мәтінаралық жүйе сипаты	122
Сағынадин Г.С. Фольклорлық сюжет: жанр және түркілік мотив көріністері	140

CONTENTS

Kazakhstan's independence – 30th anniversary

Ibraeva G., Khasenov S. The way of independence and the National museum	4
Taimagambetov Zh.K. Summary of the author's reports at international scientific conferences of the UNESCO Project «Great migrations of peoples» (2008-2019)	14

Sypataikyzy Z. Revival of turkic ethnoculture in the years of independence	28
Tokpanov E. A., Botbaev A. K. Role of historical, cultural and natural sacred places in preserving the unity of the peoples of our country	37

Cultural Studies

Nurdauletova B.I., Aimuhambet Zh.A. Symbol-letter – valuable information of human cognition and history	44
--	----

Ethnography

S. J. Atdaev. Historical information about turkmen melon and watermelon	56
Khasenov S.S. Formation of terms of armour types belonging to protective equipment	76
Bekzatkyzy I. Toponymy of Burabay district of Akmola region: formation and current state	88

Archaeology

Khuangan T. Horse harness: the history of the origin of the bridle	100
Auevov K.Zh., Iskakov A.Sh. RResearch of monuments of the Golden Horde period of Ulytau-Zhezkazgan region	107

History. Personality. Reading

Asanov K.D. The literary facets of Yevney Buketov	115
--	-----

Philology

Baytanasova K.M. The characteristic of the intertext system in the verses of Abay	122
Sagynadin G.S. Folklore plot: genre and turkic motifs	140

Әуезов Қ.Ж.

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті

Жезқазған қ., Қазақстан

e-mail: kabdol.uezov.78@mail.ru

Искаков А.Ш.

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы

Қарағанды облысы, Қазақстан

e-mail: Iskakov.aydar@list.ru

ҰЛЫТАУ – ЖЕЗҚАЗҒАН ӨҢІРІНДЕГІ АЛТЫН ОРДА КЕЗЕҢІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Ұлы Даланың дәл кіндігінде орналасқан, Ұлытау – Жезқазған өңірінде Алтын Орда заманына қатысты ескерткіштер – Жошыхан мазары, Болған Ана, Құлан Ана, Аяққамыр (Құтылық Темір) мазарлары, Алтын Орданың әмірі Едіге мен Алтын Орданың ханы Тоқтамыс жерленген Едіге шыңы, 1391 жылы Ақсақ Темір тасқа жазып қалдырған жазуы бар Алтыншоқы тауы және Жошы Ордасы (Орда Базар) қалашығы тарихи-археологиялық маңызы бар кешендер топтасқан.

Түйін сөздер: Алтын Орда, Ұлытау, Жошыхан, археология, тарих.

Ұлытау өңіріндегі Алтын Орда ескерткіштерінің тарихи жай-күйіне тоқталайық.

Жошы хан мазары – Жезқазған қаласынан солтүстік шығысқа қарай 50 шақырым жерде, Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошы бағынған тайпалардың бәрі (оғыз, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы, т.б.) қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбезді қайтыс болған кісінің жылдық асын беруден бұрынырақ жасайтын болған. Соған қарағанда 1227 жылы қайтыс болған Жошыға 1228 жылы күмбез тұрғызылған болуы керек. Жошы хан порталды-күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Жобасы тік бұрышты. Ежелгі құрылыс әдісінің бірі – күмбез орнату. Ол Жошы хан күмбезінде тамаша шешімін

тапқан. Қабырғаның іш жағынан сөрелеп шығарған белдеулердің үстінен екі қабатты зәулім күмбез орнатқан. Ішкі күмбездің (биіктігі 7 метр) салмағын «жалған еңсе» шығару тәсілімен белдеулерге жайса, сыртқы күмбезді (биіктігі 8 метр) он алты барабанға отырғызған. Күмбезді көп қырлы барабанға орнату – оғыз, қыпшақ тайпаларына тән тәсіл. Ішкі қабырғаларында таңбадан басқа ешбір әшекей жоқ. Еденіне қалақ кірпіштер төселген.

Күмбезді қазу жұмысы кезеңінде екі қабір табылды. Қабір қабырғаларын үлкен кірпіштен өріп, астына жұқа тақта кірпіш төсеген. Бірінші қабір күмбездің күншығыс іргесіне (ұзындығы 2,2 метр, ені 70 сантиметр, тереңдігі 1,2 метр) орналасқан. Қабір ішінен тақтай табытқа жерленген адамның сүйегі шықты. Сүйектің оң қолы жоқ екендігі анықталды. Оның үстіне қабір ішінен салтанатты киім жұрнақтары,

қызыл сафиан етіктің қалдығы, тұт жібегінің шіріп жатқан сілемдері, аң сүйектері мен түйенің бас сүйегі, темір қарудың сынықтары табылды. Бұл «Жошыны аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірді» деген халық аңызына үндес келеді. Халық аңызында «Жошының тек бір қолын тауып қойған», кейде «бір шынашағын ғана тапқан» деген әртүрлі жорамалдар бар. Екінші қабір Жошының үлкен бәйбішесі (Керей хандығының билеушісі Тоғырыл ханның інісінің қызы) Бектумыштікі болуы тиіс. Қабір астына төселген қалақ кірпіштерде араб әрпімен «ықпал» деген сөз бірнеше қайтара жазылған. Жошы хан күмбезі республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. 1999 жылдан Жошы хан күмбезіне қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Жошы хан мазарының бүліне бастағандығы жөнінде алғашқы деректі геодезист Ю.А. Шмидт жазған.

Өткен ғасырдың соңында жергілікті халықтың айтуы бойынша мазардың алдыңғы жағында көк жолақ болған. Осы төрткүл жолақта жазу болады екен. Сол жазуды 1911 жылы Атбасар уезі Далалық өлкенің генерал-губернаторына көрсету үшін қопарып алған. Бұл жазулы кірпіштің қазіргі тағдыры белгісіз. Жергілікті тұрғындардың айтуынша 1927 жылы Шоң деген біреу қазына іздеп мазардың ішінде 2 қабірді қазған. Бір қабірде жерленген адамның бас сүйегінің үстіңгі жағымен, оң қолының жоқ екендігі анықталған (Маргулан, 1947: 4-5).

Орда-Базар. XIII ғасырдың орта шенінде Ұлытау өңірінде Орда Базар қалашығы пайда болды. Осы кезеңдегі маңызды қалалардың бірі болған ол, Ұлытау өңірі ұлан-байтақ Жошы ұлысының саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық орталығы болды. Жошы мавзолейінің жанындағы Орда-Базар қаласының даңқы алысқа тарады. Бұл қала Еділ бойында 1254 жылы Сарай-Бату салынғанға дейін Жошы ұлысының ғана емес, Алтын Орданың да астанасы болды. 1237 жылғы Батудың Еуропаға, 1258 жылғы Құлағу мен Кетбұғының Батыс Азияға (Палестина, Сирия, Мысыр) жасаған жойқын жорықтарына дайындық осы бүгінгі Ұлытау-Жезқазған өңірінде тұрған Жошы мазарының маңында жүргізілді. Орда-Базардың географиялық

жағынан алып империяның дәл кіндік тұсында орналасқандығы, Еуразиялық кеңістікке ұтымды және ықпалды геосаяси саясат жүргізуге қолайлылығы оның ұзақ уақыт бойы тарих сахнасынан жоғалмауына игі әсер етті.

Болған ана күмбезі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Жезқазған қаласынан 50 шақырым оңтүстік-батысқа қарай, Сарысу мен Қаракеңгір өзендерінің құйылысында, Қаражар шатқалында орналасқан. Алтын Орда кезеңіне жататын Шоқан Уәлихановтың зерттеген ескерткіші, Болған ана кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Академик В.В. Бартольд Болған ана (Болған бегім) Жошы ханның қызы болған деген пікір айтқан. Бұл кесене туралы «Қаражардағы Қаракеңгірдің саласындағы Болған ананың моласы ақ түсті, күмбезі шағын ғимарат және басқалары да осылай салынған», – деген мәлімет береді (Уәлиханов, 2010: 169). Болған ананы XVIII ғасырда П. Рычков, 1946-1948 жылдар аралығында Ө. Марғұлан зерттеген. Кесене атына байланысты әртүрлі болжамдар айтылады. Бір деректерде онда Жошы ханның Сырдария мен Талас өзендері арасын жайлаған қаңлы тайпасының билеушісіне ұзатылған қызы Болғанның жерленгені айтылса, тағы бір аңыздарда Болған ананы Алаша ханның келіні деп те айтады. 1990 ж. Алматы архитектура және құрылыс институтының экспедициясы (жетекш. Е. Бәйтенев) зерттеген. Көрнекі жерге салынған Болған ана күмбезі алғашқы нұсқаларында өте әдемі болғанға ұқсайды. Ол осы өңірдегі кейінірек салынған кесенелер архитектурасына (Ақтыбай, Қауқабай, т.б.) да әсерін тигізген (Герасимов, 1957: 9-10).

Құлан ана кесенесі. Кесене Қаракеңгір өзенінің сол жағалауында, Сарысу өзеніне құяр сағасынан 10 шақырымдай, Қаражар деп аталатын төбенің басында және Болған ана кесенесінің оң жағында 15 м жерде орналасқан. Бұл күмбез Болған ана кесенесінен кейініректе шамамен XIV-XV ғасырлар кезеңіне жатады деп саналады. Халық аңыздары оны Шыңғыс ханның екінші әйелі және Құлқаның анасы меркіт Құлан-хатунның есімімен байланыстырады. Аңыз бойынша, Құлан хатун – Жошының өліміне қатысы бар әйел. Бір нұсқада, Ұлытау жері моңғолдардың бақылауында болғанға дейін, Жошы ханнан бұрын қайтыс болды. Келесі бір нұсқада, ол Хорезмге сапарында Шыңғыс ханмен бірге жүрген сапарларының

бірінде қайтыс болған. Денесін қалың мұзда сақтап, кейінірек жерлеген деседі.

Аяққамыр күмбезі – ортағасырлық, Алтын орда кезінен қалған, қызыл кірпіштен салынған сәулет өнері ескерткіші. Академик Ә.Х. Марғұланның пікірінше Құтылық-Темірдің моласы болуы керек. Ұлытау аймағында болған кезінде, Кеңгір өзені бойындағы салынған Қамырхан, Алашахан, Болған ана, Домбауыл және тағы басқа кесенелерді қағазға түсіріп алып, олардың құрылысын тамаша суреттеген. Шоқан Шыңғысұлы: «Бұдан кейін Ұлытау сияқты меңіреу далада, Кеңгірде өзінің құрылысымен таң қалдыратын Қамыр хан, Алаша хан, Домбауыл әулие, Болған ана және басқалардың, көптеген молалардың болуы заңды, бұлардың барлығы кірпіштен қаланған, сыртынан әр түсті сырмен боялған... Алаша хандікі сәл өзгешелеу: күмбездің іргетасы мазардан кішкентай, сондықтан төбесі жабылған, ал қабырғалары жоғары қарай тарыла келген шағын баспалдақпен шығуға болатын балкон құрған. Бұл құрылыстардағы ең тамашасы күмбездің өте берік орнатылғаны және кірпіштердің қиғаш қаланғаны: кірпіштердің бір қатары оң жағымен төмен қаланса, өзгелері сол жағымен қаланған», – деп сипаттама береді (Сембин, 1977: 169-170).

Құтылық Темір 1395-1399 жж. аралығында Алтын Орда ханы болған тұлға. А.И. Шренк пен Ш. Уәлихановтардың жазбаларында бұл ескерткішті бұрын ел «Қамыр ханның күмбезі» деп атаған. Алайда ондай кісінің аты әзірге тарихтан кездескен жоқ. Қарағанды облысы Ұлытау ауданы, Жезді ауылынан солтүстік батысқа қарай 9 м қашықтықта орналасқан. Автор, құрылысшы, тапсырыс беруші, құрылу тарихы белгісіз. Кесенені алғаш рет 1946 жылы Қазақ ССР ғылым Академиясының Орталық Қазақстан археология экспедициясы зерттеді. 1973 жылы ҚазССР Мәдениет министрлігінің экспедициясы өлшеу мен фотофиксация жұмыстарын жүргізді.

Орталық Қазақстанның көрнекті ескерткіштерінің бірі болып табылады. Биіктігі 1 м тас іргетастың үстіне 8,10 м x 9,84 м көлемде тік бұрышты жобамен порталды-күмбезді пішінде салынған. Алдыңғы беті П әрпі сияқты жиектеліп, монумент портал түрінде әшекейленген. Кіретін қуыс түзу аркамен жабылған. Күмбезі күйдірілген кірпіштен

қаланып, жарты оюлармен әшекейленген тақталармен қапталған. Шаршы негізден бұрыштарын кеміте қалау арқылы күмбез шығарылған. Архитектура құрылымы мен безендірілуі 9-11 ғасырлардағы осындай құрылыстарға тән (Уәлиханов, 2010б: 12-13).

Алтыншоқы. Ақсақ Темірдің тасы. КСРО ҒА-ның академигі Қ.И. Сәтбаев басшылығымен Орталық Қазақстанда жүргізілген экспедицияларының бірінде Ұлытау ауданы Алтыншоқы шоқысынан 1935 ж. тамызда табылған, екі тілде жазуы бар үлкен жартас сынығы. Таста бар болғаны екі жазу бар: үш жол арабша жазу, сегіз жол – шағатай тіліндегі жазу. Эрмитаждың ғылыми қызметкерлері – А.П. Григорьев, Н.Н. Телицын, О.Б. Фролова ұсынған нұсқасы бойынша аударманың соңғы нақтыланған нұсқасына сәйкес арабша жазудың мазмұны мынадай: «Рақымды да шапағатты Алланың атымен! Жер жүзінің әміршісі, шындықтың шамшырағы. Берік қорғаушы, бәрінен де күшті, бәрінен де құдіретті, Өмір мен өлім сыйлаушы данышпан!». Шағатай жазуы осы авторлардың аударуында былайша беріледі: «Жеті жүз тоқсан үшінші жылдың жазы, қой жылы көктемнің ортаңғы айы (1391 ж. 6 сәуір), Тұран сұлтаны Темір бек ислам діні үшін үш жүз мың әскермен бұлғар ханы Тоқтамысханға қарсы аттанды. Осы жерге жетіп, ескерткіш белгі болуы үшін ол осы қорғанды тұрғызды. Алла беріп, жаратушы әділ төрелігін жүргізсін! Жаратушы ел халқына мейірімін төксін! Бізді ескеріп жарылқасын». Бұл тамаша археологиялық олжа 1391 ж. нақты оқиғаны – Ақсақ Темірдің Алтын Орда ханы Тоқтамысханға қарсы жасаған жорығының жарқын куәсі болып табылады. Шараф әд-дин Әли Йездидің XV ғ. бірінші ширегінде жазған «Зафар нама» – «Жеңіс кітабы» атты шығармасында Ақсақ Темірдің Дешті Қыпшаққа жасаған жорығының осы бір уақиғасы туралы былай дейді: «Айдың (15 IV) 21-і (аталған) сәрсенбісінде олар Қыпшақтау дейтін атақты тауға жетті және одан көшіп, 2 түннен кейін жұмада Ұлытау деген жерге барып тоқтады. Сол даланы көз қуантып көру үшін Темір таудың басына шықты; бүкіл жазық дала көкпеңбек болып жатты. Ол сол күні сонда болып, (сонан соң) сол жерге мұнара тәрізді биік белгі орнатуға жауынгерлерге тас әкелу үшін жарлық берді. Шебер тас қалаушылар сол кездің белгісі қалу үшін тасқа сол күннің уақытын қашап жазды».

Халық аңызы да оқиғаны осылай өрбітіп, оны Алтыншоқы шоқысымен байланыстырады. Тас табылған Алтыншоқы шоқысы Ұлытау тауларынан солтүстік-батысқа қарай, Жезқазған – Арқалық тас жолынан батысқа қарай 90 км, Саят ауылынан батысқа қарай 80 км жерде орналасқан. Аласа, биіктігі бар болғаны 50 м ғана және сыртынан қарағанда, жанындағы шоқылардан ерекше де емес. Бірақ оның үстінен сонау көкжиектегі көзге әрең шалынатын ойлы-қырлы дала келбеті алақандағыдай болып айқын көрінеді. Жазуы бар тасқа келетін болсақ, 1936 ж. бастап қазірге дейін ол Ресейде, Санкт-Петербургтегі Эрмитажда *«кат. 195. Темір аты жазылған тас. Алтын Орда. 1391»* деген хаттау кодымен сақтаулы тұр. 1990-шы жж. екінші жартысында облыстық мәдениет басқармасының бастамасы бойынша түпнұсқа мен ұқсайтын екі жазу да жазылған көшірме-тас дайындалған болатын. Бұл тас қазір Алтыншоқы шоқысында тұр («Қазақстан» ..., 1998: 9).

Едіге тауы. Едіге (1352-1419) – Ноғай ордасының негізін қалаған әмірші, қолбасшы. Едіге маңғыт руынан шыққан, жоғары мәртебелі мырзалардың ұрпағы.

Едіге тауы Ұлытау ауданынан батысқа қарай 35 шақырым қашықтықта орналасқан. «Едіге шыңы», «Едіге биігі» атанған бұл биікте Едіге батырмен қатар Алтын Орданың атақты ханы Тоқтамыстың да сүйегі жатыр. Тоқтамыс ханның ордасында беделді би болған Едіге қасиетті Ұлытаудың биік шыңдарының бірінде жерленген. Ол шың кейіннен Едіге деп аталып кеткен. Едіге Алтын Орда ханы Тоқтамыспен қатарлас болған. Ал Тоқтамыс 1380-1395 жылдары Алтын Орданы билеген, Сауран, Сығанақ шаһарларын орталық еткен. Едіге сол Тоқтамыспен тізе қосып, кейін Еділ, Жайыққа дейінгі жерді өзіне қаратып, Ноғай ордасының негізін қаласады. 1396 жылдан бастап Алтын Орда хандығын 15 жылдай билейді. Ноғай ордасының негізін салған Едігенің есімі қазақ, қарақалпақ, башқұрт халықтарының аңыздарында кездеседі. Кейін Тоқтамыс ханды Едіге өлтіреді. 1419 жылы Сарайшық қаласының жанында Тоқтамыс балалары әке кегін қайырып, оны өлтіреді, ел-жұрт Едіге бидің денесін Ұлытауға әкеліп жерлеген. Ол шың «Едіге тауы», «Едіге обасы» деп аталып кетті. Едіге моласы ірі тастардан дөңгелете қорған түрінде салынған. Қорғанның диаметрі

– 8,8 м. Биіктігі – 4,80 м. Қорғанның солтүстік жағынан таға тәрізді кішкене «коридор» жалғанған. Оның ұзындығы – 3 м., ені – 2 м. Мола биіктігі – 2 м. болатын тік жартастың шетінде орналасқан (Қарағанды ..., 2006: 7).

2020 жылдан бастап Жошы мазарының қасынан Жошы хан тарихи-мәдени кешені құрылысы басталды. Жошы кешені бірегей ортағасыр ескерткіштері шоғырланған жерлердің бірі. Мұнда, ортағасырлық тұрғын үй құрылысының қалдықтары, қорымдар, кесенелер, шеберханалар есепке алынды (Бермаганбетов, 2020: 14-16). Ескерткіште құрылыс жұмыстарын жүргізгенге дейін Жошы хан кешенінің ескерткіштерін бекіту үшін археологиялық барлау жүргізілді, өйткені бұл объектілер Жошы археологиялық кешенінің бірыңғай ансамбліне кіреді және кешеннің бірыңғай қорғау аймағына кіреді.

2020 жылы кешендегі жұмыстар Жошы хан кесенесінен солтүстік-шығысқа қарай 900 метр жерде орналасқан төбеде жүргізілді. Төбеде солтүстік-батыс-оңтүстік-шығыс осі бойынша бұзылған мавзолейлердің орындары бар, олар күйдірілген кірпіштің фрагменттері бар жер үйінділерінен тұрады. Осындай бұзылған мавзолейдің біріне қазба жұмыстары жүргізілді (Сур. 1).



Сур. 1. Мавзолейдегі қазба жұмыстарына дейінгі көрініс

Fig. 1. View before the excavations in the mausoleum

Қазба жұмысы жүргізілген мавзолейде көлемі 7x7 м қазба салынды. Солтүстік-шығыс шаршысының бірінші қабатын 10 см тереңдікте алып тастағаннан кейін, өлшемі 43,5x21x13 см болатын саз кірпіштен жасалған құрылыс анықталды. Сол тереңдіктегі қалған


тазарту жұмыстары нәтижесінде 5х5 м өлшемді тікбұрышты құрылымын анықтады, оның бұрыштары дүниенің төрт бұрышына бағытталған. Ғимараттың қабырғаларының қалыңдығы 70 см құрады. Құрылымдағы саз кірпіштен жасалған және сақталған биіктігі 20 см құрайды. Солтүстік-батыс қабырғада ені 87 см болатын ғимаратқа кіру жолы анықталды (Сур. 2). Бұл құрылысты салу кезінде қолданылған формалар мен архитектуралық әдістерге қарап, бұл құрылысты ортағасырлық өңделмеген кірпіштен жасалған кесене ретінде топтауға болады.



Сур. 2. Мавзолейдің қазба жұмыстарынан кейінгі жалпы пішінінің көрінісі

Fig. 2. View of the general shape of the mausoleum after excavations

Тазарту кезінде, оңтүстік-батыс шаршыда, материкте дөңгелек пішінді мыс монетасы анықталды, екі жағынан да таңба анық байқалады (Сур. 3).



Сур. 3. Мыс монетасы. Аверс: Амир Тимур. 786/1384 жыл

Fig. 3. Copper coin. Avers: Amir Timur. 786/1384

Аверс: Амир Тимур. 786/1384 жыл. Амир Тимур таңбасы. Самарқанд. Осыған ұқсас монеталар Күлтөбе қалашығының археологиялық зерттеулері кезінде 2019 жылы табылған.

Кесененің орталық бөлігіндегі шұңқырды тазарту кезінде ұзындығы 2,40 м, ені 1,2 м сопақ пішінді қабір орыны анықталды, онда 0,46 м тереңдікте күйдірілген кірпіш үйіндісі табылды. Одан әрі тазарту барысында шұңқырда, 30-40 см тереңдікте қабір шұңқырының ішінде қалыңдығы 10 см болатын сазды сылақ анықталды. Жерлеудің бұрын тоналғандығын жұмыстар басталғанға дейін кесененің ортасында ойықтың болуы дәлелдейді. Қабір орнын әрі тазарту барысында сазды сылақтың астында ағаш табыт анықталды. Ағаш табыт толығымен сақталмаған, қазылған қабірдің бүкіл периметрі бойынша шіріген ағаштың фрагменттері түрінде табылған. 0,90 м тереңдікте адамның қаңқа сүйектері тазартылды (Сур. 4).



Сур. 4. Мавзолейден табылған адам қаңқасының суреттері

Fig. 4. Pictures of human skeletons found in the mausoleum

Табылған адамның қаңқа сүйектерінің басы солтүстік-батысқа бағытталған. Бас сүйегінің өлшемдері және остеологиялық сипаттамалары бойынша бұл қаңқа әйел адамдікі деп болжауға болады. Сондай-ақ, қаңқаны тазарту кезінде аяқ сүйектері тұсында былғары фрагменттері анықталды (Искаков, 2020: 11-12).

Қазба жұмыстары мен архитектуралық нысандар барысында анықталған материалдың жиынтығы бойынша бұл құрылысты

өңделмеген кесене ретінде топтауға болады және оны XIV ғасырдың екінші жартысына немесе XV ғасырға жатқызуға болады. Жұмыстар аяқталғаннан кейін объектіде қазба орнын жабу үшін консервациялық жұмыстар жүргізілді.

2018 жылы Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» КММ Қарағанды облысы Ұлытау ауданының аумағында орналасқан ортағасырлық тарих және мәдениет ескерткіштерінде зерттеулер жүргізді.

Археологиялық ізденістер Болған ана кесенесінде басталды. Ескерткіштің салыну уақыты туралы нақты мәліметтер жоқ. Сәулеттік ерекшеліктері бойынша ескерткіш Алтын Орда кезеңіне жатады. Болған ана ескерткішінің ішіндегі археологиялық зерттеулер алғаш рет жүргізіліп отыр. Бұл ескерткіште қалпына келтіру жұмыстары барысында орталық бөлігінде бірнеше қатар кірпіштен жасалған шағын құрылыстар салынды. Осы учаскені газарту барысында 0,3 м тереңдікте шикі кірпіштен қалау анықталды. Әрі қарай тереңдету кезінде өндірістік қалдықтар табылды. Қазба жұмыстары 2 м тереңдікке дейін созылды, онда жерленген сүйек қалдықтары солтүстік-батысқа қарай артқы жағында, басымен тазартылды. Жерленгені көлемі 2,8 м, биіктігі 0,7 м толықтай сыланған ағаш саркофагта жатты.

Сүйектер қанағаттанарлық деңгейде сақталған. Табылған заттардан бас жағында сары металдан жасалған шыныаяқты атап өткен жөн. Сондай-ақ сүйек пен тастан жасалған жұп сырғалар табылды (Сур. 5). Айта кету керек, жерленгенге киіммен, оның ішінде көйлек пен былғары етік қоса берілген. Бұл олжалардың сақталуы қанағаттанарлық деңгейде.

Тостаған. Алтын. Соғу, нақыштау, пунсон. Дөңгелек. Профильдегі жарты шар. Тегіс



Сур. 5. Болған ана кесенесінен табылған тостаған мен сырға

Fig. 5. A bowl and earrings found in the mausoleum

түбімен. Шетінде кішкентай дөңес жағы бар. Ішкі жағында төменгі жағында жапырақтармен қоршалған гүлдің үлкен бейнесі бар (Касеналин және т.б., 2018: 9-10).

Бүгінгі таңда бұл тостағанның екі аналогы бар. Солардың бірі Алматы облысы, Шеңгелді қорымын зерттеу кезінде табылған. Бұл тостағандар Алтын Орда дәуірінен XIII ғасырға жатады.

Сырға. Алтын, паста, соғу, иілу. «Сұрақ белгісі» түрінде жасалған.

Қорыта келгенде, Ұлытау өңірінде Алтын Орда дәуірінің республикалық маңызға ие тарихи-мәдени, сәулет ескерткіштері, әрі көне заманнан қазіргі кезеңге дейінгі ескерткіштердің шоғырлануы Орталық Қазақстанды ең тартымды туристік бағыт және ғылым мен зерттеу қызметін дамытудың тірек орталығы етуі мүмкін.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998 ж. 9-том
2. Бермаганбетов А., Байтилеу Д., Исаков А. Отчет археологической разведки в комплексе Жошы хан 2020г.
3. Герасимов Г.Г. Памятник архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. Алма-Ата, 1957.
4. Исаков А.Ш. Отчет об археологических исследованиях 2020 году в комплексе Жошы хан.
5. Касеналин А., Есенов С., Исаков А., Алкей Е. Отчет об археологических исследованиях мавзолея Болган Ана. 2018 г.
6. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006.
7. Маргулан А.Х. Археологические разведки в бассейне реки Сарысу. Вестник АН Каз ССР, 1947, №7.
8. Сембин М.К. Мавзолей Аяк-Камыр / историческая справка/, 1977. Архив НИПМ.
9. Уәлиханов, 2010а – Уәлиханов Ш.Ш. Қазақ мазарларының түрлері // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. I том/ 2 басылым-Алматы: «Толағай групп», 2010 ж.
10. Уәлиханов, 2010б – Уәлиханов Ш.Ш. Қырғыз – қайсақ моласы және жалпы көне кезең туралы. // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. I том./ 2 басылым-Алматы: «Толағай групп», 2010.

References

1. 1. «Qazaqstan» ulttyq ensiklopediasy, Almaty, «Qazaq ensiklopediasy», 1998 j. 9-tom
2. Bermaganbetov A., Baitiley D., Isakov A. Ochet arheologicheskoi razvedki v komplekse Joshy han 2020g.
3. Gerasimov G.G. Památník arhitektúry doliny reki Kara-Kengir v Sentralnom Kazahstane. Alma-Ata, 1957.
4. Isakov A.Sh. Ochet ob arheologicheskikh issledovaniiah 2020 godý v komplekse Joshy han.
5. Kasenalín A, Esenov S, Isakov A. Alkei E. Ochet ob arheologicheskikh issledovaniiah mavzoleia Bolgan Ana 2018 g.
6. Qaraǵandy. Qaraǵandy oblysy: Ensiklopedia. - Almaty: Atamura, 2006.
7. Margýlan A.H. Arheologicheskie razvedki v baseine reki Sarysý. Vestnik AN Kaz SSR, 1947, №7.
8. Sembin M.K. Mavzolei Aıak-Kamyr / istoricheskaiá spravka/, 1977. Arhiv NIPM.
9. Ýalıhanov, 2010a – Ýalıhanov Sh.Sh. Qazaq mazarlarynyń túrleri // Ýalıhanov Sh.Sh. Kóp tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. I tom/ 2 basylym- Almaty: «Tolaǵai grýpp», 2010 j.
10. Ýalıhanov, 2010b – Ýalıhanov Sh.Sh. Qyrǵyz – qaisaq molasy jáne jalpy kóne kezeń týraly. // Ýalıhanov Sh.Sh. Kóp tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. I tom./ 2 basylym- Almaty: «Tolaǵai grýpp», 2010.



Ауезов К.Ж.

Жезказганский университет им. О.А. Байконурова
г. Жезказган, Казахстан
kabdol.ueezov.78@mail.ru

Искаков А.Ш.

Национальный историко-культурный и природный
заповедник-музей «Улытау»
Карагандинская область, Казахстан
Iskakov.aydar@list.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ ПАМЯТНИКОВ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ВРЕМЕНИ УЛЫТАУ-ЖЕЗКАЗГАНСКОГО РЕГИОНА

В Улытау – Жезказганском регионе сосредоточены исторические и археологические памятники времен Золотой Орды – могила Жошыхана, могила Болган Ана, Кулан Ана, Аяккамыр (Кутылык Темир),

пик Едиге, где похоронены Эмир Золотой Орды Едиге и хан Золотой Орды Токтамыса, городище Жошы Ордасы.

Ключевые слова: Золотая Орда, Улытау, Жошыхан, археология, история.

Auezov K.Zh.

O.A. Baikonurov Zhezkazgan University
Zhezkazgan, Kazakhstan
e-mail: kabdol.ueezov.78@mail.ru

Iskakov A.Sh.

National Historical, Cultural and Natural Reserve-Museum “Ulytau”
Karaganda region, Kazakhstan
e-mail: Iskakov.aydar@list.ru

RESEARCH OF MONUMENTS OF THE GOLDEN HORDE PERIOD OF ULYTAU-ZHEKAZGAN REGION

Grave grave of Zhoshyhan, grave of Bolgan Ana, Kulan Ana, Ayakkamyr (Kutyktyk Temir), peak of Yedige, where the Emir of the Golden Horde of Yedige and Khan of the Golden Horde of Toktamys, the settlement of Zhoshy Ordasy are

buried, are concentrated in Ulytau –Zhezkazgan region.

Keywords: Golden Horde, Ulytau, Zhoshyhan, archeology, history.